

"1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы"

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2120 Заң күші бар жарлығы

Бұл Жарлық басқа редакцияда берілген - Қазақстан Республикасының Президентінің 20.07.1995 ж. N 2371 заң күші бар жарлығына сәйкес .

Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес әрі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заң күші бар Жарлығының қабылдануына байланысты осы Жарлықты шығарамын.

1-бап. 1995 жылға арналған республикалық бюджет қосымшаға сәйкес кірісі бойынша 111055771 мың теңге, шығысы бойынша 150435221 мың теңге, тапшылығының шекті мөлшері 39379450 мың теңге болып бекітілсін.

2-бап. Осы Жарлық қолданылған кезеңде Қазақ КСР және Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарының осы Жарлыққа қайшы келетін бөлігінде күші тоқтатыла тұрады.

3-бап. 1995 жылғы 1 сәуірден бастап:

- "Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақ КСР Заңының 11-бабының екінші бөлігі (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 24, 283-құжат);

- "Қазақстан Республикасының Экономикасын жаңғырту қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 9, 208-құжат);

- "Азаматтардың жеке меншігінде ұсталатын ауыл шаруашылық тұлкітеріне салық салу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 5 сәуірдегі Заң күші бар Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1994 ж., N 16, 151-құжат) күшін жойды деп танылсын.

4-бап. Былай деп белгіленсін:

а) 1995 жылға арналған республикалық бюджеттің кірістері:

1995 жылдың 1 шілдесіне дейін:

- қосылған құнға салынатын салық;

- акциздер;

- меншік нысандарына қарамастан заңды тұлғалардың, соның

ішінде шетелдік және бірлескен заңды тұлғалардың пайдасына

салынатын салық;

- жер салығы;

- тіркелген (ренталық) төлемдер;

- бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық;

- мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден алынатын түсімдер;

- басқа да жалпы республикалық салықтар, алымдар мен салыққа жатпайтын әртүрлі төлемдер;

- мемлекет мұқтажына 1994 жылғы егіннің астығын сатудан алынатын түсімдер;

- сыртқы экономикалық қызметтен түсетін кірістер;

1995 жылғы 1 шілдеден бастап;

- қосылған құнға салынатын салық;

- акциздер;

- заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы;

- Қазақстан Республикасы аумағында жер қойнауын пайдаланушылар Қазақстан Республикасы Үкіметімен жеке контракттар жасағанға дейінгі тіркелген (ренталық) төлемдермен бірге жер қойнауын пайдаланушылардан алынатын салық;

- бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық;

- мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден алынатын түсімдер;

- басқа да жалпы республикалық салықтар, алымдар және салыққа жатпайтын әртүрлі төлемдер;

- мемлекет мұқтажына 1994 жылғы егіннің астығын сатудан алынатын түсімдер;

- сыртқы экономикалық қызметтен түсетін кірістер есебінен құралады.

Бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салықтың 1995 жылғы 1 шілдеге дейін бірдей үлеспен республикалық және жергілікті бюджеттер кірісіне, ал 1995 жылғы 1 шілдеден бастап - толық республикалық бюджет кірісіне түсетіні ескерілсін.

б) сыртқы экономикалық қызметтен түсетін кірістер:

- экспортталатын және импортталатын тауарларға салынатын кеден бажы;

- роялти мен бонустардан алынатын түсімдер, ал 1995 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасы аумағындағы жер қойнауын пайдаланушылар Қазақстан Республикасы Үкіметімен жеке контрактілер жасағаннан кейін - арнаулы төлемдер;

- кеден процедуралары;

- мемлекеттің ішкі нарықта импорт бойынша сатып алған бірінші қажеттегі тауарларды сатудан алынған түсімдер;

- тікелей қаржыландыру арқылы берілген кредиттер бойынша ұлттық валютамен қаражатты қайтару;

- жергілікті әкімдерден және "Қазақтелеком" Ұлттық акционерлік компаниясынан телекоммуникация жүйелерін жаңғыртуға және кеңейтуге арналған кредитті өтеу есебіне алынған түсімдер;

- заңды тұлғалардың өздерінің валюта жөніндегі сыртқы міндеттемелерін өтеуіне байланысты бюджет шығыстарының орнын толтыруы;

- заңды тұлғалардың Үкімет кепілдіктері бойынша бюджет шығыстарын өтеуі;

- сыртқы заем резервтерінің депозиттері бойынша түсімдер есебінен құралады.

в) Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан заңды тұлғалар республикалық бюджетке экспортталатын және импортталатын тауарлар үшін кеден тарифіне сәйкес кеден бажын ұлттық валютамен төлейді;

г) шетел инвесторларынан түсетін бонустар, әртүрлі сыйлық төлемдері, басқа да төлемдер, роялти, сондай-ақ арнаулы салықтар міндетті түрде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің валюталық есепшоттарына есептеліп, кейіннен өтімді етіледі. Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғалары Қаржы министрлігінің валюталық есепшотына төлейтін салықтардың басқа түрлері бойынша төлемдер мөлшері заңдарда белгіленген тәртіппен анықталады.

Бюджетке төлемдер төлеуді кейінге қалдыру кезеңінде

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер

туралы" Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының 152-бабының

1-тармағының күші бюджеттік ұйымдарға қолданылмайды.

5-бап. Республикалық бюджет кірісінің құрамына мына қорларға:

- Жер қойнауын қорғау минералдық шикізат базасын

ұдайы молайту қорына;

- Экономиканы жаңғырту қорына;

- Жол қорына;

- Табиғат қорғау қорына;

- Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қорына

жасалатын түсімдер мен аударымдар ескерілсін.

Қазақстан Республикасы бюджетінің кірісі мен шығысының құрамынан мынадай нысаналы қаржыландыру қорларының алынып тасталғаны ескерілсін:

1995 жылғы 1 қаңтардан бастап- Мемлекеттік жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу қоры;

1995 жылғы 1 шілдеден бастап - Жол қоры.

Ал 1995 жылғы 1 сәуірден бастап Экономиканы жаңғырту қоры, сондай-ақ Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қоры таратылады.

Қайтармалық шарты негізінде Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қорынан бұрын берілген қаражат Қазақстанның кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту

орталығының қарамағына түседі және Кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасын жүзеге асыруға, шағын бизнесті дамыту мен қолдануға жұмсалады деп белгіленсін.

Салық салу мақсатында 1995 жылғы 1 шілдеден бастап автомобиль жолдарын пайдаланушылардың бюджеттен тыс Жол қорына жасайтын аударымдары шаруашылық жүргізуші субъектілердің жиынтық жылдық табысынан шығарып тастауға жатады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған қорлардың функциясын жүзеге асыруға байланысты шараларды оларға қаражаттың түсуіне қарай, тиісті қорға алынған нақты түсімдерге байланысты:

- 1995 жылғы 1 шілдеге дейін Жер қойнауын қорғау мен минералдық шикізат базасын ұдайы молайту табиғат қорғау қорын - 80 процент, ал 1995 жылғы 1 шілдеден кейін - 75 процент;

- 1995 жылдың 1 қаңтарынан 1 шілдесіне дейін Жол қорын - 80 процент;

- 1995 жылдың 1 сәуіріне дейін Экономиканы жаңғырту қорын 100 процент бойынша қаржыландырылатын болсын.

Республикалық бюджет кірісінің құрамында көзделген қорларға жарналарды есептеу мен төлеудің дұрыстығын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

6-бап. Заңды және жеке тұлғалардың автомобиль бензині мен дизель отынын тұтынғанына салынатын салық 1995 жылғы 1 сәуірден 1 шілдеге дейінгі аралықта қолданылатыны еске алынсын.

Бөлшек сауда жүйесінде автомобиль бензині мен дизель отынын сататын адамдар, сондай-ақ жер негізгі өндіріс құралы болып табылатындардан басқа, шаруашылық жүргізуші субъектілер өздері тұтыну үшін автомобиль бензині мен дизель отынын көтерме сауда жүйесінен сатып алушылар салықты осы түрінің төлеушілері болып табылады деп белгіленсін.

Салық ставкасы бөлшек сауда жүйесінде сатылатын немесе өздері тұтыну үшін көтерме сауда жүйесінен сатып алған автомобиль бензині мен дизель отынының бір литрі үшін ең төменгі жалақының бір проценті мөлшерінде белгіленсін.

Салық автомобиль бензині мен дизель отыны бөлшек сауда жүйесінде нақты сатылғанын немесе көтерме сауда жүйесінен өздері тұтыну үшін сатып алғанын негізге ала отырып, әр айдың 10,20 және 28 күндері төленетін және кейіннен өткен есепті ай ішінде оның мөлшері туралы салық органдарына есеп беріліп отырады деп белгіленсін.

7-бап. Меншік нысандарына қарамастан барлық бұйымдар үшін еңбек ақы қорының 30 проценті мөлшерінде мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға 1994 жылы қолданылған аударым тарифі 1995 жылға сақталсын. Қазақстан Республикасы Мүгедектерінің ерікті қоғамы, Қазақ саңыраулар қоғамы, Қазақ зағиптар қоғамы, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігі болып табылатын және солардың қаражаты есебінен құрылған, мүгедектердің саны қызметкерлердің жалпы санының кемінде 50 проценті болатын өндірістік және

оқу-өндірістік ұйымдар мен олардың филиалдары, Ауғанстандағы соғыс ардагерлерінің Қазақ республикалық ұйымы (кәсіпорындарсыз), Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест қоғамы, адвокаттар алқалары, шаруалар (фермерлер) қожалықтары, заңды тұлға құрамай шаруашылық қызметті жүзеге асырушы адамдар үшін мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға аударым тарифі 50 процент мөлшерінде белгіленсін.

Әлеуметтік сақтандыруға аударымдардың жалпы сомасы Зейнетақы қоры мен Әлеуметтік сақтандыру қоры арасында норматив бойынша тиісінше 85 және 15 процент болып бөлінеді.

8-бап. 1994 жылы қолданылған Экономиканы жаңғырту қорына қаржы аудару және оны пайдалану тәртібі 1995 жылдың 1 тоқсанына сақталсын.

Экономиканы жаңғырту қоры есебінен күрделі қаржыны қаржыландыруды бюджеттің басқа құжаттарымен бірге Қазақстанның Мемлекеттік даму банкі жүзеге асырады деп белгіленсін.

9-бап. Өнеркәсіптің өндіруші салаларының заңды тұлғалары үшін Жер қойнауын қорғау және минералдық шикізат базасын ұдайы молайту қоры мен Табиғатты қорғау қорына 1994 жылы қолданылып келген қаржы аудару тәртібі сақталсын.

10-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап заңды тұлғалардың (шетелдік инвестициялары бар заңды тұлғаларды, өкілдіктер мен тұрақты ұйымдарды қоса, Қазақстан Республикасы азаматтарының жалақы қоры бөлігінде) еңбекке ақы төлеу қорының 2 проценті мөлшерінде міндетті түрде жасалатын аударымдары есебінен құралады деп белгіленсін. Бюджетте тұратын, жалақы қоры бөлігінде бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар, Қазақстан Республикасының Мүгедектері ерікті қоғамының, Қазақ саңыраулар қоғамының, Қазақ зағиптар қоғамының тек өндірістік қызметпен айналысатын, өздерінің меншігі болып табылатын және солардың қаражаты есебінен құрылған, жұмыс істейтін мүгедектердің саны кемінде 50 процент болатын ұйымдары 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап, ал меншік нысандарына қарамастан, тікелей ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін ұжымшарлар, кеңшарлар және басқа ауылшаруашылық ұйымдары 1995 жылғы 1 қаңтар мен 1 шілде аралығында Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына жарна төлеуден босатылсын.

Қоныс аудару шаралары жөніндегі шығыстарды қаржыландыру Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

11-бап. Республикалық бюджет кірісінде Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіне алынатын түсім 3626050 тың теңге сомасында болатыны ескерілсін.

12-бап. Қазақстан Республикасының азаматтарынан, шетелдік азаматтардан және азаматтығы жоқ адамдардан алынатын табыс салығы, мемлекеттік баж, су ақысы және табиғат ресурстарына салынатын салық, орманды пайдалану ақысы, заңды және жеке тұлғалардың автомобиль бензині мен дизель отынын тұтынуына салынатын салық, жалпыға бірдей міндетті жергілікті салықтар мен алымдар, Мәслихаттар-Депутаттар

жиналыстары ставкасын белгілейтін жергілікті салықтар мен алымдар, республикалық бюджетке есептелетін жекелеген түрлерінен басқа алымдар мен салыққа жатпайтын түрлі төлемдер 1995 жылдың 1 қаңтарынан 1 шілдесіне дейінгі аралықта жергілікті бюджеттердің кірісіне толық есептеледі деп белгіленсін.

1995 жылдың 1 шілдесінен бастап жеке адамдардан алынатын табыс салығы, мемлекеттік баж, су ресурстарын пайдалану ақысы және табиғат ресурстарын пайдалану ақысы, орман кірісі, жер салығы, заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларды тіркеу үшін алым, қызметтің жеке түрлерімен айналысу құқығы үшін алым, аукциондық саудадан түсетін алым және басқа түрлі салықтық емес төлемдер толығымен жергілікті бюджеттерге есептеледі.

13-бап. 1995 жылы жалпымемлекеттік салықтар мен кірістердің түсімдерінен облыстардың және Алматы қаласының бюджеттеріне жасалынатын аударымдар мынадай мөлшерде:

а) қосылған құнға салынатын салық бойынша:

Алматы, Шығыс Қазақстан, Жезқазған, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Семей, Талдықорған, Торғай, Оңтүстік Қазақстан облыстарына - 100 проценттен, Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды және Қостанай облыстарына - 50 проценттен, Павлодар облысына және Алматы қаласына - 20 проценттен; Атырау және Маңғыстау облыстарына - 10 проценттен;

б) меншік нысандарына қарамастан заңды тұлғалардың соның ішінде шетелдік және бірлескен заңды тұлғалардың пайдасына салынатын салық бойынша; ал 1995 жылғы 1 шілдеден бастап заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша:

Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Семей, Талдықорған, Торғай, Оңтүстік Қазақстан облыстарына - 100 проценттен, Ақмола облысына - 90 процент, Қарағанды облысына - 54 процент, Ақтөбе облысына - 51,3 процент, Жезқазған облысына - 42,7 процент, Атырау облысына - 39,5 процент, Қостанай облысына - 29,4 процент, Павлодар облысына - 26,2 процент, Маңғыстау облысына - 19,7 процент, Алматы қаласына - 8,9 процент;

в) акциздер бойынша: Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Жезқазған, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Көкшетау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Семей, Талдықорған, Торғай, Оңтүстік Қазақстан облыстарына - 100 проценттен, Павлодар облысына және Алматы қаласына - 20 проценттен; Атырау және Маңғыстау облыстарына - 10 проценттен.

г) тіркелген (ренталық) төлемдер бойынша, ал 1995 жылғы 1 шілдеден бастап - жеке контрактілер жасалуына қарай-жер қойнауын пайдаланушылардан алынатын салық бойынша;

Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстарына
100 проценттен; Павлодар облысына 20 процент; Атырау және

Маңғыстау облыстарына - 10 проценттен белгіленсін.

14-бап. 1995 жылы облыстардың және Ленинск қаласының бюджеттеріне, Төретам және Ақай поселкелерінің инфрақұрылымын қаржыландыруды Ресей Федерациясына бергенге дейін, 22447900 мың теңге сомасында субвенция бөлінсін:

- Алматы 2797194
- Шығыс Қазақстан 742512
- Жамбыл 2091946
- Батыс Қазақстан 1049475
- Қызылорда 3558303
- Көкшетау 1274824
- Солтүстік Қазақстан 1135419
- Семей 3074967
- Талдықорған 2547252
- Торғай 1023152
- Оңтүстік Қазақстан 2751602
- Ленинск қаласы 401254

15-бап. 1994 жылы қолданылған табыс салығы және пайдаға салынатын салық бойынша жеңілдіктер, оның ішінде "Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" 1994 жылы 22 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Заңында, (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж. N 15, 208-құжат) көзделген пайдаға салынатын салық пен табыс салығы бойынша жеңілдіктер, өзгертулер мен толықтырулар және мемлекетаралық келісімдер ескеріле отырып, 1995 жылдың 1 шілдесіне дейін сақталсын.

Қазақстан Республикасының барлық банктеріндегі салымдары мен депозиттері бойынша азаматтардың алған кірістері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 1992 жылғы Мемлекеттік ішкі ұтыс заемдары бойынша ұтыстар мен проценттер, сондай-ақ осы Жарлықтың 36-бабына сәйкес бір жолғы өтемақы түрінде алған сомалар бойынша табыс салығын төлеуден босатылсын, ал 1995 жылдың 1 шілдесінен бастап аталған барлық жеңілдіктер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заң күші бар N 2235 Жарлығына сәйкес беріледі.

16-бап. Салық салу мақсатында 1995 жылдың 1 шілдесіне дейін баланстық пайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі валюта қаржылары ұйымдардың валюта шотына түскен күнге дейін (немесе соңғы есеп берген күнге дейін) қолданылып келген шет ел валютасына қатысты бағалаған теңге бағамының және бюджетпен есеп айырысу үшін ұйымның салық салынатын пайданы анықтаған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бағалаған шет ел валютасына қатысты теңге бағамының өзгеруі нәтижесінде пайда болған оң бағамдық айырмашылық сомасына

кемітіледі (теріс бағамдық айырмашылық сомасына көбейтіледі), ал 1995 жылдың 1 шілдесінен бастап "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес бюджетке төленетін төлемдер тәртібі қолданылады деп белгіленсін.

17-бап. 1995 жылдың 1 шілдесіне дейін сатып алынған тауар-материалдық құндылықтар үшін өнім беріп тұрушыларға төленген қосылған құнға салынатын салық сомасы сатып алушылар өткізген тауарлар (жұмыстар, қызметтер) үшін олардан алынған салық сомасынан асып түскен жағдайда, пайда болған айырма бюджетке алдағы төлемдердің есебіне жатқызылады немесе есепті жылы бюджетке нақты төленген салық сомасы шегінде өтеледі деп белгіленсін. "Қосылған құнға салынатын салық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 1, 1-құжат) 5-бабының 1-тармағының "б", "в", "г", "д", "ш", "ю" тармақшаларына сәйкес салық төлеуден босатылған кәсіпорындарға, өнімі аталған Заңның 6-бабының 3-тармағына сәйкес ставка бойынша салық салынуға жататын ұйымдарға жоғарыда аталған айырманы өтеу салықтың жалпы түсімдері есебінен жүргізіледі.

Қосылған құнға салынатын салық бойынша мұнай мен мұнай өнімдерін өткізу кезінде пайда болатын теріс айырма осы Жарлықтың 5-бабында белгіленген пропорцияларда жол қоры мен бюджет қаражаты есебінен өтелуге тиіс.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен тысқары жерлерден әкелінетін импортталатын тауарлар (өнімдер) бойынша қосылған құнға салынатын салық кеден құжаттарын ресімдеу сәтінде төленеді. Салық салынатын айналым мөлшеріне Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес анықталатын тауарлардың (өнімдердің) кеден құны, сондай-ақ кеден мәлімдемесін ресімдеу кезінде төленуге тиісті алымдар, баждар, салықтар сомасы қосылады.

1995 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бағалы металдар мен тастарды өткізу қосылған құнға салынатын салық ескеріле отырып жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бағалы металдар мен тастарды экспортқа шығарған жағдайда қосылған құнға салынатын салық олар бойынша төленген салық сомалары шегінде белгіленген тәртіппен бюджеттен өтеледі.

18-бап. 1995 жылдың 1 шілдесіне дейін кәсіпорындар мен ұйымдар сатып алған және жеке тұлғаларға өткізілетін спирт, шарап ішімдіктері бойынша акциздерді төлеушілер осы ұйымдар деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасында өндірілетін ішетін этил спирті және тағамдық шикізаттан тазартылған этил спирті, шарап ішімдіктері, күшейтілген сусын (шырындар), бальзам, шарап-арақ ішімдіктері, берме шикізаттан жасалған сыра бойынша

жоғарыда аталған тауарларды шығарған, шетел қатысқан ұйымдарды, сондай-ақ филиалдар мен бөлімшелерді қоса алғанда барлық меншік нысандарындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер акциздері төлеушілер болып табылады.

Ұйымдық-құқықтық нысандарына, қызмет түрлеріне, кімнің иелігінде болуына және меншік нысандарына қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, өздері өндірген тауарларды өткізетін, сондай-ақ бұл тауарларды Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттерден тыс жерлерден әкелетін барлық ұйымдар акциздерді төлеушілер болып табылады.

1995 жылдың 1 шілдесінен бастап бюджетке акциздер төлеу жөнінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заң күші бар N 2235 Жарлығында анықталған тәртіп қолданылатыны ескерілсін.

19-бап. 1995 жылдың 1 қаңтарынан 1995 жылдың 1 шілдесіне дейін былай деп белгіленсін.

1. Жер салығының базалық ставкалары:

а) кәдуілгі және оңтүстіктің қара топырақты, қоңырқай-күлгін және күлгін топырақты жазық аумақтардың далалық және қуаң далалық аймақтарының, сондай-ақ қоңырқай (сұрғылт-қоңыр), күлгін (қоңырқай) және қара топырақты тау баурайы аймақтары жеріндегі бір гектар

жерге шаққанда мынадай мөлшерде:

Бағалау балы Теңгемен есептегенде

салық ставкасы

1-10 0,25-1,25

11-20 1,50-2,50

21-30 2,75-5,00

31-40 7,50-12,50

41-50 15,00-20,00

51-60 22,50-27,50

61-70 30,00-42,50

71-80 45,00-57,50

81-90 60,00-75,00

91-100 77,50-100,00

100-ден асса 105,00

б) ақшыл-сары, қоңыр, сұрғылт-қоңыр, ақшыл және кәдуілгі сұрғылт топырақты шөлейт, шөл және тау баурайындағы шөлді аумақтардың, сондай-ақ таулы-далалық, таулы-майсалы-далалық және таулы көгалды және тау етегіндегі көгалды аймақтар жеріндегі бір гектар жерге шаққанда мынадай мөлшерде:

Бағалау балы Теңгемен есептегенде

салық ставкасы

1-10 0,25-0,50

11-20 0,75-2,50

21-30 2,75-5,00

31-40 5,25-7,50

41-50 7,75-10,00

51-60 10,25-12,50

61-100 12,75-25,00

100-ден артық 26,00

в) Азаматтарға өзіндік қосалқы шаруашылық, саяжай және бау-бақша шаруашылығын жүргізу үшін берілген жерге, қора-қопсы тұрған жерді қоса, саналынатын салық ставкасы, 0,01 гектар үшін 2 теңге 50 тиын мөлшерінде белгіленсін.

2. Елді мекендердің (қалалардың, жұмысшы поселкелерінің және селолық елді мекендердің) жеріне салынатын салықтың базалық ставкалары бір шаршы метр алаңға шаққанда мынадай мөлшерде:

1 2 3

Елді мекендердің Тұрғын үй емес құрылыстар мемлекеттік, ұжымдық, түрі ғимараттар, соларды ұстау кооперативтік және үшін қажетті учаскелер, жеке тұрғын үй қорлары, сондай-ақ объектілердің солардың жанындағы санитарлық-қорғау аймақ.- құрылыстар мен тары техникалық және ғимараттарды қоса, басқа да аймақтар тұрған сондай-ақ азаматтардың жерлерге теңге есебімен көлік құралдарының, салық ставкалары өздігінен жүретін машиналар мен механизмдердің көлік жайлары мен автотұрақтары тұрған жерлерге теңге есебімен салық ставкалары

1 2 3

Алматы 18,75 0,2

Ақмола 3,50 0,2

Ақтау 5,00 0,2

Ақтөбе 3,50 0,2
Арқалық 3,00 0,2
Атырау 4,25 0,2
Жамбыл 4,75 0,2
Жезқазған 4,25 0,2
Қарағанды 5,00 0,2
Қызылорда 4,50 0,2
Көкшетау 3,00 0,2
Қостанай 3,25 0,2
Павлодар 3,00 0,2
Петропавл 3,00 0,2
Семей 4,50 0,2
Талдықорған 3,50 0,2
Орал 3,00 0,2
Өскемен 5,00 0,2
Шымкент 4,75 0,2
Ленинск 4,00 0,2
облыстық бағыныстағы облыс орталығы
қалалар үшін белгіленген
ставканың 85
процент 0,2
аудандық бағыныстағы облыс орталығы
қалалар үшін белгіленген
ставканың 75
проценті 0,1
поселкелер 0,5 0,07
селолық елді
мекендер 0,25 0,05
Алматы облысы:
облыстық бағыныстағы
қалалар 4,0 0,2
аудандық бағыныстағы
қалалар 3,5 0,2
3. Елді мекендерден тысқары орналасқан өнеркәсіп, көлік,
байланыс жеріне және өзге ауылшаруашылық емес мақсаттағы жерге
салынатын салықтың базалық ставкалары бір гектарға шаққанда
мынадай мөлшерде болады:
Бағалау балы теңгемен есептегенде
салық ставкасы

0-10 25-250
11-20 275-562
21-30 590-825
31-40 853-1075
41-50 1102-1338
51-60 1365-1625
61-70 1652-1925
71-80 1953-2238
81-90 2265-2550
91-100 2578-2950
100-ден асса 3000

1995 жылдың 1 шілдесінен бастап жер салығы жөнінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заң күші бар N 2235 Жарлығында көзделген нормалар қолданылатыны ескерілсін.

20-бап. Екі жүз теңге (200 теңге) мөлшеріндегі, ең төменгі жалақы мен зейнетақыға инфляция ескере отырып, мынадай есептік түзету коэффициенттері белгіленсін:

1995 жылдың 1 қаңтарынан - 1,0
1995 жылдың 1 наурызынан - 1,25,
1995 жылдың 1 шілдесінен - 1,4 ,
1995 жылдың 1 қазанынан - 1,5 .

Бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың жұмысшылары мен қызметшілерінің еңбегіне ақы төлеудің төменгі шегі мынадай мөлшерде белгіленсін:

1995 жылдың 1 қаңтарынан - кемінде 600 теңге,
1995 жылдың 1 наурызынан - кемінде 875 теңге,
1995 жылдың 1 шілдесінен - кемінде 980 теңге,
1995 жылдың 1 қазанынан - кемінде 1050 теңге.

21-бап. Қазақстан Мемлекеттік даму банкіне Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті анықтайтын инвестициялық жобаларды қаржыландыру және ұзақ мерзімді кредит беру үшін 9000000 мың теңге, соның ішінде оның жарғылық қорын құрау үшін 2000000 мың теңге мөлшерінде қаражат көзделсін.

Оған көзделген қаражаттан, жарғылық қорын есептемегенде қайтарымсыз қаржыландыруға кемінде 20 процент жұмсалады деп

белгіленсін.

22-бап. Жарғылық қорларды құраудың қосымша көздері болып мыналар белгіленсін:

- Қазақстан Мемлекеттік даму банкі үшін - Экономиканы жаңғырту қорынан қайтарымды негізде бұрын берілген кредиттер бойынша берешек сомалары;

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкі үшін - тұрғын үй құрылысы шараларына осы мақсатқа бұрын жеңілдікпен ұзақ мерзімге берілген кредиттердің қайтарым сомалары.

23-бап. Республикалық бюджетте "Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993ж, N 35, 405-құжат) көзделген шараларды жүзеге асыруға 2622813 мың теңге сомасында қаражат, соның ішінде Мемлекеттік Тұрғын үй құрылысы банкінің жарғылық қоры мен кредит ресурстарын құрауға мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін қаражат есебінен 1960000 мың теңге көзделсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түскен қаражаттың аталған мақсаттарға аударылуын оның бюджетке нақты түсуіне қарай жүзеге асыратын болсын.

24-бап. Министрліктер мен ведомстволардың ведомстволық шешімдерімен ұйымдардың қызметкерлеріне берілетін, бірақ қолданылып жүрген заң актілерінде көзделмеген жеңілдіктер осы ұйымдардың иелігінде қалатын пайда (кіріс) есебінен жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

1995 жылдың 1 шілдесінен бастап "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заң күші бар Жарлығының нормалары басшылыққа алынатыны ескерілсін.

25-бап. Республикалық бюджеттен халық шаруашылығын қаржыландыруға арналып бөлінетін қаражат 32652027 мың теңге сомасында бекітілсін.

26-бап. Республикалық бюджеттен әлеуметтік-мәдени шараларды қаржыландыруға арналып бөлінетін қаржы 21361190 мың теңге сомасында бекітілсін.

27-бап. Білім беруді қаржыландыруға бөлінген қаражат 1995 жылғы 1 қыркүйектен бастап республикасы жоғары оқу орындарына студенттерді қабылдау жоспарын 5 процент қысқарту және оқытуды шартты негізге көшіру ескеріле отырып көзделгені ескерілсін.

28-бап. 1995 жылдың 1 қаңтарынан бастап өндірістен қол үзіп оқитын аспиранттарға төленетін ай сайынғы стипендияның мөлшері ғылыми дәрежесі жоқ кіші ғылыми қызметкерлер жалақысының ставкасы деңгейінде, жоғары оқу орындарының студенттеріне - ең төменгі айлық жалақының үш мәрте мөлшерінің 100 проценті,

арнаулы орта оқу орындары мен оқу мерзімі 10 айға дейінгі кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларына - 80 проценті деңгейінде белгіленсін.

Мемлекеттік стипендиялар жоғары және орта оқу орындарының барлық үлгіретін студенттері мен оқушыларына 1994/1995 оқу жылының жазғы емтихан сессиясының нәтижелері бойынша тағайындалады деп белгіленсін.

29-бап. 1995 жылдың 1 шілдесіне дейін республиканың мемлекеттік жоғары және орта арнаулы оқу орындарының күндізгі бөлімінің сырт жерлерден келіп оқитын студенттері мен оқушыларына, республикалық бюджетте тұратын жоғарғы оқу орындарының дайындық бөлімінің тыңдаушыларына демалыс уақытында мемлекеттік теміржол, су және автомобиль көліктерінде (жылына екі рет екі тарапқа) жол ақысының 50 проценті мөлшерінде республикалық бюджет қаражаты есебінен жеңілдік беру белгіленгені, ал 1995 жылдың 1 шілдесінен кейін қаржыландыру көзіне байланысты барлық аталған оқу орындары санаттарына тиісінше республикалық және жергілікті бюджеттерден көзделетіні ескерілсін.

30-бап. Әлеуметтік мәні бар газеттер мен журналдарды шығаруға арнап республикалық бюджетте 467803 мың теңге мөлшерінде демеуқаржы көзделсін.

31-бап. Зейнеткерлер мен халықтың табысы төмен топтарын әлеуметтік қорғау және дербес қолдау жөніндегі аймақтық қайырымдылық қорларын құруға республикалық бюджеттің үлестік қатысуына арнап 1221383 мың теңге сомасында қаражат бөлу көзделсін.

32-бап. Табысы аз; көп балалы отбасылардың; некеде тұрмайтын студенттердің; жалғыздікті аналардың, сондай-ақ мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің қолдан тамақтандырылатын 2 жасқа дейінгі балаларына, тағамдық қоспаларды қоса есептегенде, сүт кухняларының балалар тағамының негізгі түрлерін беруіне 500000 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.

33-бап. Негізгі азық-түлік өнімдерінің қымбаттауына байланысты 1995 жылы табысы аз жұмыс істемейтін зейнеткерлерге төменгі айлық жалақының мынадай мөлшерінде ай сайын ақшалай өтемақы төлеу сақталсын:

- жасына, мүгедектігіне байланысты, қызмет өткерген жылдары үшін толық еңбек зейнетақысын, сондай-ақ мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің мүгедектігіне байланысты берілетін зейнетақысын алушыларға - 115 процент;

- толық емес еңбек стажы жағдайында еңбек зейнетақысын, сондай-ақ асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алушыларға - 95 процент;

- әлеуметтік зейнетақы алушыларға - 75 процент.

Аталған төлемдер өткен тоқсандағы орташа айлықпен есептегенде заңмен белгіленген ең төменгі айлық жалақының екі мәрте мөлшерінен аспайтын зейнетақы алушы зейнеткерлерге тиісті жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жасалсын.

34-бап. 1995 жылы балалары бар отбасыларға айлық ең төменгі жалақыға шаққанда мынадай мөлшерде ай сайынғы жәрдемақы төлеу тәртібі:

- бірыңғай жәрдемақы 6 жасқа дейінгі балаларға - 130 процент, 6 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға - 135 процент мөлшерінде;

- жалғыздікті аналарға балаларына берілетін мемлекеттік жәрдемақы, сондай-ақ алимент төлеуден жалтарған ата-аналарын іздестіру кезінде кәмелетке толмаған балалар үшін төленетін жәрдемақы 6 жасқа дейінгі балаларға - 105 процент, 6 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға - 115 процент;

- мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің балаларына төленетін жәрдемақы - 135 процент;

- адамның жұқтырылған қорғаныш тапшылығы вирусы дарыған немесе СПИД-пен ауырған балаларға берілетін жәрдемақы - 135 процент;

- 7 жасқа дейінгі төрт және одан да көп балалары бар жұмыс істемейтін аналарға берілетін жәрдемақы - көп балалы аналарға 1994 жылы қолданылған ай сайынғы ақшалай өтемақы орнына "Көп балалы отбасыларын әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 4 желтоқсандағы N 1002 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 46, 661-күжат) көзделген 7 жасқа дейінгі төрт және одан да көп балалары бар жұмыс істемейтін аналарға ең төменгі жалақы мөлшерінде жәрдемақы төлеуге, тіс протездерін тегін дайындау мен жөндеуге (бағалы металдардан жасалатын протездерден басқа), 14 жасқа дейінгі балаларға дәрігерлердің рецепттері бойынша тегін дәрі-дәрмектер беруге, қала ішіндегі көлікте (таксиден басқа) тегін жүруге қатысты бөлігінде заттай жеңілдіктер мен ақшалай төлемдер жасауды қалпына келтіре отырып отбасының табысына қарамай ең төменгі жалақы мөлшерінде сақталсын.

Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларға арналған жәрдемақы отбасының табысына қарамай бірінші және екінші тоқсандарда 1600 теңге, үшінші және төртінші тоқсандарда - 2150 теңге сомасында тоқсан сайын төленетіні ескерілсін.

Бала туғанда ең төменгі жалақының төрт мәрте мөлшеріндегі біржолғы жәрдемақы төлеу Әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Кісіні жерлеу үшін берілетін ең төменгі жалақының он мәрте мөлшеріндегі біржолғы жәрдемақыны төлеу зейнеткерлерге - Зейнетақы қорының, жұмыс істейтін азаматтарға - Әлеуметтік сақтандыру қорының есебінен жүргізіледі.

35-бап. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 Заң күші бар Жарлығының күшіне енгізілуіне байланысты Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарынан сәуле ауруына ұшырап қаза тапқандардың, өлгендердің, және өлген мүгедектердің отбасыларына ең төменгі айлық жалақының екі мәрте мөлшерінде, Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарынан зардап шеккен азаматтардың қалған санаттарына - бір мәрте мөлшерінде ай сайынғы ақшалай өтемақы төлеудің бұрынғы тәртібі алынып тасталғаны ескерілсін.

36-бап. Республика бюджетінің шығысы құрамында мына заңдарды жүзеге асыруға арнап:

- "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы N 1787 Заңын (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж, N 23, 560-құжат) жүзеге асыруға 5201931 мың теңге, соның ішінде біржолғы ақшалай өтемақы төлеуге 3275414 мың теңге сомасында;

- "Арал өңіріндегі экологиялық апат салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы N 1468 Заңын (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 348-құжат) жүзеге асыруға 1562496 мың теңге, соның ішінде біржолғы ақшалай өтемақы төлеуге 24523 мың теңге сомасында;

- "Жаппай саяси қуғын-сүргіннің құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі N 2143 Заңын (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж, N 10, 242-құжат) 589223 мың теңге, соның ішінде біржолғы ақшалай өтемақы төлеуге 168711 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін.

37-бап. 1995 жылға арналған республика бюджетінің шығысында 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығын мерекелеуге байланысты 308870 мың теңге, соның ішінде концерттер, фестивальдар, конкурстар мен конференциялар өткізуге 2000 мың теңге және Кеңес Одағының батырлары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованың есімдерін мәңгі есте қалдыру жөніндегі шараларды өткізуге 15000 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін. Осыған қоса Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары әлеуметтік қолдауға 6077747 мың теңге мөлшерінде қаражат көзделді.

38-бап. Республикалық бюджетте Абай Құнанбаевтың 150 жылдығын мерекелеуге байланысты 824250 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.

39-бап. 1995 жылға арналған мемлекеттік бюджеттің шығысы құрамында Жамбыл Жабаевтың туғанына 150 жыл толуына мерекелеуге байланысты мерекелік шараларды өткізуге жалпы сомасы 116778 мың теңге қаражат көзделгені ескерілсін.

Осыған қоса Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Даму банкі арқылы күрделі қаржыға арналған қаражат есебінен қайтарымсыз негізде Алматы облысының Жамбыл ауылындағы мектепке 90000 мың теңге сомасында қосымша құрылыс салу жүзеге асырылсын.

40-бап. "Қазақ КСР-індегі жастар саясаты туралы" 1991 жылғы 28 мамырдағы Қазақстан Республикасының N 723 Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 28, 377-құжат) сәйкес жас жұбайларға бала туғанда бұрын процентсіз несие берілуіне байланысты банктердің шығынын өтеу үшін республикалық бюджетте 107100 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.

41-бап. Республикалық бюджетте ғылымды қаржыландыруға 2256468 мың теңге, соның ішінде Ұлттық ғылым академиясына - 555821 мың теңге Қазақ ауыл шаруашылық ғылымдары академиясына - 446409 мың теңге сомасында қаражат белгіленсін.

42-бап. 1995 жылдың 1 сәуірінен бастап шығармашылық одақтар мен қоғамдық ұйымдарды бюджеттен қаржыландыру тоқтатылатыны ескерілсін.

43-бап. Облыстар мен Алматы қаласының 1995 жылға арналған бюджеттерінің шығыстары құрамында жаңадан ашылған алкогольизм және нашақорлық дертіне шалдыққан науқастарға арналған емдеу-профилактикалық мекемелерін ұстау үшін 598100 мың теңге сомасында қаражат ескерілсін.

44-бап. Республикалық бюджетте Алматы қаласында Республикалық балаларды оңалту орталығын салуға арнап қосалқы қаржыландыру ретінде 208362 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.

Осыған қоса Оңтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарының бюджеттерінде Әлеуметтік қорғау жобасы бойынша қосалқы қаржыландыруға арнап тиісті қаражат көзделеді.

45-бап. Республикалық бюджетте мемлекеттік басқару органдарын, сот органдары мен прокуратураны қоса алғанда, мемлекеттік өкімет органдарын ұстауға жалпы сомасы 12430248 мың теңге қаражат көзделетін болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті министрліктер мен ведомстволар бойынша шығыстарды арнап бөлуді бір ай мерзімде бекітетін болсын.

46-бап. Республикалық бюджетте:

- құқық қорғау органдарын ұстауға - 13934787 мың теңге сомасында;

- қорғанысқа - 14440452 мың теңге сомасында;

- референдумдар мен сайлаулар өткізуге - 769631 мың теңге сомасында;

- басқа да шығыстарға - 1759027 мың теңге сомасында қаражат бекітілсін.

47-бап. Республикалық бюджетте:

- Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің резервтік қоры 2328000 мың теңге сомасында;

- Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің табиғи апаттарының зардаптарын жою жөніндегі жұмыстарды орындауға арналған арнаулы қаражат резерві 1172000 мың теңге сомасында бекітілсін.

48-бап. Сыртқы экономикалық қызметке байланысты шығыстарды қаржыландыру үшін шетел валютасын сатып алуға республикалық бюджетте мына бағыттар бойынша:

- сыртқы борыш жөніндегі проценттерді төлеуге және олар бойынша Үкіметтің кепілдік міндеттемелерін орындауға;
 - халықаралық ұйымдарға төленетін жарналарға;
 - үйлерді сатып алуға арналған шығыстарды қосқанда елшіліктер мен өкілдіктерді ұстауға;
 - ТМД-ның атқарушы органдарын ұстауға;
 - сыртқы борышты өтеу үшін кәсіпорындардың уақытша тартылған қаражатын қайтаруға;
 - республиканың басқа да кезек күттірмейтін мұқтаждарына 9905296 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.
- 1995 жылы жаңа елшіліктер мен өкілдіктерді ұстауға байланысты шығыстарға жұмыс істеп жатқан елшіліктер мен өкілдіктер бойынша қызмет көрсететін адам санын орта есеппен 20 процент қысқартудан түскен қаражат бағытталсын.

49-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі осы

Жарлықта және тиісті Мәслихаттар - Депутаттар жиналыстарының қаулыларында белгіленген нормативтер бойынша тиісті бюджеттердің шотына:

1995 жылдың 1 шілдесіне дейін мыналарды:

- меншік нысанына қарамастан, шетелдік және бірлескен ұйымдарды қоса, заңды тұлғалардың пайдасына салынатын салықты;
- қосылған құнға салынатын салықты;
- акциздерді;
- тіркелген (ренталық) төлемдерді;
- Қазақстан Республикасының азаматтарынан, шетел азаматтарынан және азаматтығы жоқ тұлғалардан алынатын табыс салығын;

1995 жылдың 1 шілдесінен бастап:

- заңды тұлғалардан алынатын табыс салығын;
- қосылған құнға салынатын салықты;
- акциздерді;

- Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының Үкіметімен жер қойнауын пайдаланушылардың жеке контрактілер жасасуына жер қойнауын пайдаланушылардан тіркелген ренталық төлемдер орнына алынатын салықтарды;

- жеке тұлғалардан алынатын салығын есептеуді қамтамасыз етсін.

50-бап. 1995 жылға арналған республикалық бюджет тапшылығы мына көздерден өтелетін болып белгіленсін:

- сыртқы заем бойынша 37920182 мың теңге сомасындағы түсім;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 8625000 мың теңге сомасындағы кредит ресурстары;

- 7681156 мың теңге сомасындағы ұйымдардан түсетін негізгі берешек сомалары мен ішкі республикалық есеп нәтижелері бойынша және директивалық кредиттер бойынша проценттер түсімі;

- шығыстарды жабуға жұмсалатын 5658 мың теңге сомасындағы жыл басына қалған бюджет қаражатының қалдығы.

Осыған қоса Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесіп мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық вексельдерді аукционда сатуды жүзеге асырсын және 1500000 мың теңге мөлшеріндегі алынған ақша айырмасын бюджет тапшылығын жабуға жұмсалсын.

51-бап. Сыртқы және ішкі қаржыландыру көздері есебінен:

- 5112816 мың теңге сомасындағы мемлекеттік сыртқы борыштың негізгі сомасын өтеуге;

- 578283 мың теңге сомасында инвестициялық, тауар кредиттерін аванстауға;

- 732337 мың теңге сомасында банкілердің сақтандырулары мен комиссияларын өтеуге;

- бюджет кірісіне енгізуге жататын 800000 мың теңге сомасында 1994 және 1995 жылдардың пайда сомалары шегінде ішкі мемлекеттік борышты өтеуге;

- ішкі республикалық есеп бойынша барлығы 6985590 мың теңге сомасындағы міндеттемелерді, соның ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ішкі республикалық есеп бойынша қазыналық міндеттемелерінің 5200000 мың теңге сомасындағы бұрын берілген мерзімді айналымдық вексельдерінің орнына қайта ресімделген міндеттемелерін өтеуге;

- халық арасында орналастырылған (халықтан қазыналық бондарды сатып алуға) Қазақстан Республикасының 900000 мың теңге сомасындағы 1992 жылғы Мемлекеттік ішкі ұтыс заемын өтеуге;

- заңды тұлғалар арасындағы орналастырылған 3000 мың теңге сомасындағы Қазақстан Республикасының 1992 жылғы Мемлекеттік ішкі ұтыс заемдарын өтеуге;

- жергілікті бюджеттерге республикалық бюджеттің ішкі республикалық есеп вексельдері жөніндегі 1240520 мың теңге сомасындағы борышын өтеу кезінде есептелген кірістерін қалпына келтіруге арналған шығыстар жүзеге асырылсын.

52-бап. Республикалық бюджетте:

- Қазақстан Республикасының ішкі борышын қамту бойынша 2211000 мың теңге сомасындағы және 1995 жылғы республикалық бюджет тапшылығына орай берілген кредит бойынша 615050 мың теңге сомасындағы процентті;

- өзара берешекті ішкі республикалық есеп нәтижелері бойынша ресімделген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің вексельдері бойынша 424030 мың теңге сомасындағы проценті;

- ішкі республикалық есеп бойынша міндеттемелерді шығаруға және өтеуге көрсетілген қызмет үшін 52000 мың теңге сомасында;

- заңды тұлғалар арасында орналастырылған Қазақстан Республикасының 1992 жылғы заемдары бойынша 490 мың теңге сомасындағы процентті төлеуге қаражат көзделсін.

53-бап. Мемлекеттік ішкі борышты өтеуге:

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 800 000 мың теңгені өзінің нақты пайдасы шегінде соның ішінде 1994 жылғы пайдадан - 100000 мың теңгені және 1995 жылғы пайдадан -

700000 мың теңгені бағыттасын.

Республикалық бюджет есебінен Қазақстан Республикасының Медетші банкіне 7000000 мың теңге, соның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің кредиті есебінен 3000000 мың теңге сомасында шығыстар көзделгені ескерілсін.

54-бап. (Құпия)

55-бап. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жылына 10 процент есебінен тоқсан сайын процент төленуін көздей отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен мемлекеттік ішкі борышты қамту жөнінде тиісті келісім жасасын.

56-бап. 1995 жылдың бюджетіне қоспай, 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша халықтың Қазжинақ банкіндегі (Қазақстан Республикасының Халықтық Банкі) салымдары бойынша шығындары мемлекеттік ішкі борыш ретінде танылсын.

57-бап. Республикалық бюджет бойынша айналымдағы кассадағы бар ақша мөлшері жыл соңына 5658 мың теңге сомасында бекітілсін.

58-бап. Осы Жарлық 1995 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне етеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің 1995 жылғы

20 шілдедегі Заң күші

бар N 2120 Жарлығына

Қосымша

Қазақстан Республикасының 1995 жылға арналған республикалық бюджеті

Кірістер

I бөлім. Бюджет бойынша мекемелер және шаралар

(мың теңге)

1. Қосылған құнға салынатын салық 12240466

2. Акциздер 3080914

3. Кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың пайдасына салынатын салық (заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы 11991160

4. Ұлттық Банктен алынатын түсімдер, барлығы 3626050

оның ішінде:

- өткен жылдың пайдасынан 100000
- үстіміздегі жылдың пайдасынан 700000
- үкіметтің депозиттері үшін табыстан 2826050

5. Бюджет шығыстарын өтеу, кәсіпорындардан қайтаруға барлығы. 14948301

а) өзіндік айналым қаржысының жетіспеу.- шілігіне процентімен бюджет несиелері мен кредиттерінен 930000

б) директивалық кредит бойынша негізгі қарыз бен проценттер сомасынан 8032711

в) ішкі республикалық есеп бойынша негізгі қарыз бен процент сомасынан 6985590

6. Алымдар және салыққа жатпайтын түрлі кірістер, барлығы 6047500

соның ішінде:

а) шаруашылық жүргізуші субъектілерді тіркеуден алынатын түсім 15000

б) лицензияларды сатудан алынатын түсім 200000

в) республика аумағынан өту құқығы үшін алынатын түсім 50000

г) өзге де түсімдер 3000000

д) алынған импорттық тауарлар үшін қаржының түсуі: 2782500

соның ішінде:

- "Құнарлылық" мемлекеттік акционерлік компаниясы 660000

- "Зооветжабдықтау" республикалық бірлестігі 615000

- "Фармация" мемлекеттік холдинг компаниясы 1500000

- "Медтехника" акционерлік қоғамы 7500

7. Кәсіпорындардың, бірлестіктердің, ұйымдардың табысына салынатын салық 109176

соның ішінде:

- акциялардан, облигациялардан және басқа да бағалы қағаздардан және бірлескен кәсіпорындарға үлестік қатысудан табыстарға салынатын салық, барлығы 109176

8. Ренталық (тіркелген) төлемдер (жер қойнауын пайдаланушылардан алынатын салық) 829891

9. Жер салығы 330000

10. Бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық 150000

11. Астық сатудан алынатын қаржының түсуі 8700000

12. Жерді жалдау құқығынан түсетін кірістер 43300

13. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер 9800000

I бөлім бойынша Кірістер жиынтығы 71896758

II бөлім. "Мақсатты қаржыландыру қорлары"

Жер қойнауын қорғау және минералдық шикізат базасын ұдайы молайту қоры 2000000

Экономиканы жаңарту қоры 7000000

Экономиканы жаңарту қорынан қаражат қайтарымы 15300

Жол қоры (I жартыжылдық үшін) 2333003

Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қоры 200000

Табиғат қорғау қоры 102465

II бөлім бойынша Кірістер жиынтығы 11650768

III бөлім. "Сыртқы экономикалық қызмет"

1. Экспорттық кеден бажы 7691000

2. Импорттық кеден бажы 1972000

3. Роялти мен бонустардан алынатын түсімдер 6806500 (арнаулы төлемдер)

4. Кеден рәсімдеулері 751000

5. Ішкі нарықта ең қажетті импорттық тауарларды сатудан алынатын түсімдер 426610

6. Тікелей қаржыландыру бойынша қаражаттардың ұлттық валютамен қайтарымы 509846

7. Телекоммуникация жүйелерін жаңғыртуға және кеңейтуге арналған кредитті өтеуге жергілікті әкімшіліктерден алынатын түсімдер 411389

8. Телекоммуникация жүйелерін жаңғыртуға және

кеңейтуге берілген кредит бойынша "Казтелеком"
Ұлттық акционерлік компаниясынан алынатын түсім 439900

9. Кәсіпорындардың валюта бойынша сыртқы
міндеттемелерін өтеумен байланысты бюджет
шығыстарының орнын толтыруы 2300000

10. Үкіметтің кепілдігі бойынша бюджет
шығыстарын кәсіпорындардың өтеуі 1000000

11. Сыртқы заем резерві депозиттері бойынша
түсім 1000000

12. Басқалар 4200000

ІІІ бөлім бойынша Кірістер жиынтығы 27508245

Республикалық бюджет Бойынша Барлық Кірістер 111055771

Шығыстар

I бөлім. Бюджет бойынша мекемелер және шаралар

1. Халық шаруашылығын қаржыландыру

Өнеркәсіп кешені 32652027

Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі: 20000

- қалпына келтірілетін энергия көздеріне 20000

Өнеркәсіп және сауда министрлігі: 225000

- мырғалымсай кешенінің су төгерінде 225000

Өнеркәсіп кешені бойынша Жиынтығы: 245000

Құрылыс кешені

Тұрғын үй құрылыс министрлігі жобалауға 31200

Құрылыс кешені бойынша Жиынтығы: 31200

Агроөнеркәсіп кешені

Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитет

- операциялық шығыстарға 239804

Қазақ Ауыл шаруашылық академиясы барлығы 6127

соның ішінде помологиялық бау-бақша 4300

Ауыл шаруашылығы министрлігі, барлығы 5428482

соның ішінде:

- операциялық шығыстар 2015642

- ауыл шаруашылығын қаржымен қолдау қоры 3412840

Жер қатынастары және жерге орналастыру

жөніндегі мемлекеттік комитет операциялық

шығыстарға 270000

Агроөнеркәсіптік кешен бойынша Жиынтығы 5944413

Көлік кешені және байланыс

Көлік және коммуникациялар министрлігі, барлығы 229198
соның ішінде:

- операциялық шығыстар (жол шаруашылығы, кеме жүретін шлюздер және кеме қатынасы қауіпсіздігі инспекциялары қажетіне) 43435
 - фельдъегер қызметі қажетіне 42000
 - почта байланысы мемлекеттік қызметінің жұмысын ішінара қаржыландыру 100000
 - дипкурьер байланысы қызметін қаржыландыру 43763
- "Қазақстан жолдары"
компаниясы, селден қорғау шаралары бойынша операциялық шығыстарға 41981

Көлік және байланыс бойынша жиынтығы 271179

Әлеуметтік кешен

1. Жеңілдіктер төлемдері бойынша шығыстар, барлығы 930392
соның ішінде:

- жүріп-тұруға және байланыс қызметіне байланысты жеңілдіктер беруге, барлығы 930392
- мүгедек балаларға 25789
- 1 және 2 топтардағы мүгедектерге 77205
- ақталған азаматтарға 13770
- ерекше еңбек сіңіргені үшін 40095
- Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, барлығы 773533

соның ішінде баспасөзге жеңілдікпен жазылуға 63420

2. Жаңа тұрғын үй саясатын іске асыруға, барлығы 2622813
соның ішінде:

- а) мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден ұзақ мерзімді кредит, ресурстарына 20 процент және Тұрғын үй құрылыс банкінің жарғылық қорын қалыптастыру 1960000
- б) тұрғын үй алу кезегінде 10 және одан да көп жыл кезекте тұрғандарға дотацияға 76950
- в) коммуналдық шаруашылық объектілерін салуға 187500
- г) халықтың әлеуметтік топтары үшін тұрғын үй салуға 398363

3. "Қазақ КСР-індегі мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңды жүзеге асыруға 107100

4. "Қазақкино" кино компаниясы, барлығы 308137

соның ішінде:

- селолық кино торабы мен кинопрокат ұйымдарының шығасысын өтеуге 30024

- ұлттық көркем, дәйекті-деректі, балалар фильмдерін және мультипликациялық фильмдер шығаруға 18594

- "Абай жолы" фильмін шығаруға 166000

- "Абай жолы" фильміне шетел жабдығын сатып алуға 58950

- Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне арналған фильмге 4000

- "Жамбылдың жастық шағы" көркем фильміне 30569

5. Қазақ мемлекеттік ақпарат агенттігі 8609

6. Авторлық және аралас құқықтар жөніндегі Қазақ мемлекеттік агенттігі (шығасыны өтеуге) 544

7. Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, әлеуметтік маңызды әдебиеттер шығаруға байланысты шығындарды өтеуге, барлығы 835757
Абай кітаптарын шығаруға 50000

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына кітаптар мен плакаттан шығаруға 33000

Жамбыл туралы кітаптар шығаруға 10278

Әлеуметтік кешен бойынша Жиынтығы 4813352

Кешендерге кірмегендер

Экология және биоресурстар министрлігі (операциялық шығыстар) 740000

Геодезия және картография бас басқармасы 60904

Министрлер Кабинеті жанындағы мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитет, барлығы 69774
соның ішінде:

- операциялық шығыстар 65094

- күрделі жөндеу 4680

Әділет министрлігі, баспаны ұстауға, барлығы 30000

Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патент ведомствосы, шығасыны өтеуге 333

Сауда құтқару ерікті қоғамы, ағымдағы қажетке 821

қазынашылық, салық полициясын ұйымдастыруға және Олардың материалдық базасын нығайтуға жұмсалатын шығындар 567000

Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті 30000
Жоғарғы Кеңеске сауықтыру мекемесі мен
Инженерлік орталықтың қажетіне 25000
Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
шаруашылық басқармасы, 131294
Гидрометеорология жөніндегі бас басқарма,
операциялық шығыстар 303850
Күрделі қаржыны қаржыландыруға (несие
ресурстары және Мемлекеттік даму банкінің жарғылық
қорын толтыру) 9015300
Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің
Ұлттық бағдарламасын жүзеге асыруға II кезең
(1993-1995 жылдар) 85000
Абай кешенін аяқтауға 245000
Қоғамдық қала көлігін дамытуға 2000000
Облыстардың телекоммуникация жүйелерін жаңғырту
және кеңейту жөніндегі сыртқы қарызын өтеуге
арналған шығыстар 411389
Қазақстан Эксимбанкінің жарғылық қорына жарна 200000
Қазақстан Республикасы Медетші банкісінің
қызметін қаржыландыруға, барлығы 7000000
соның ішінде:
Өнеркәсіп және сауда министрлігі арқылы жүзеге
асырылатын конверсия жөніндегі шығыстар 200000
Конверсиялық кәсіпорындардың тұрғын
үй-коммуналдық объектілерін ұстауға кететін,
шығыстар, барлығы 381218
- Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда
министрлігі 204266
- Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір
өнеркәсібі министрлігі 176952
Республика аумағы арқылы жүру құқығы үшін
алынатын түсімдер қаражаты есебінен жұмсалатын
шығыстар 50000
Кешендерге кірмейтіндер бойынша Жиынтығы 21346883

2. Әлеуметтік-мәдени шараларды қаржыландыру,
барлығы 21361190
соның ішінде:

а) білім беру және кадрларды кәсіби даярлау,
барлығы 8848946

- "Болашақ" бағдарламасы бойынша Президенттің
стипендиясына 810844

- Бүкілдүниежүзілік ойындарға қатысуға 18401

б) мәдениет пен өнер, барлығы 939469

- Абай Құнанбаевтың 150 жылдығын мерекелеуге
байланысты мүшел тойды өткізуге 215000

соның ішінде: есту-көру техникасын сатып
алуға бөлінген валюта қаражаты есебінен 37500

в) бұқаралық ақпарат құралдары, барлығы 2999424
соның ішінде :

- теледидар мен радиохабарларының мемлекеттік
бағдарламаларын тарату жөніндегі байланыс
қызметі үшін 1983812

- мемлекеттік телерадиохабарларына берілген
тапсырысты төлеу 528636

соның ішінде:

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына
арналған 5 сериялы телефильм түсіруге

байланысты шығыстар 5500

г) Денсаулық сақтау 6069807

д) Дене тәрбиесі, барлығы 601899

соның ішінде:

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына
арналған Спартакиаданы өткізуге байланысты

шығыстар 52860

- олимпиадалық ойындарға қатысуға дайындық 200000

е) әлеуметтік қамсыздандыру, барлығы 1901645

соның ішінде:

- әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі мекемелер
қажетін және әлеуметтік қамсыздандыру

шараларын қаржыландыру 106608

- санаторий-курорттық емдеуге жұмсалған

шығыстар өтемі 506229

соның ішінде:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 409950

қоғамдық бірлестіктердің, сурдо, тифлотехникалық

құралдарды сатып алуы 67425

- аймақтық қайырымдылық қорларын қалыптастыруға 1221383

3. Ғылымды қаржыландыру, барлығы 2256468

соның ішінде:

- Ұлттық Ғылым академиясына 555821

- Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясына 446409

4. Қорғанысқа жұмсалатын шығыстар, барлығы 14440452

соның ішінде:

- жалпы мақсаттағы Қарулы Күштерге 13379682

- әскери соттарға 41107

- Азаматтық қорғаныс штабына 349597

- республикалық ұланға 325201

- Әскери-теңіз күштеріне 344865

5. Мемлекетті өкімет органдары, сот органдары

және прокуратура қажетіне жұмсалатын шығындар,

барлығы 3509032

соның ішінде:

- Жоғарғы Кеңес - барлығы 321514

соның ішінде материалдық базаға 90000

- Президент Аппараты 701183

- Жоғарғы сот 81799

- Конституциялық сот 30367

- Облыстық, Алматы және Ленинск қалалық

соттары 232517

- Халық соттары 789280

- Жоғарғы Төрелік сот 134796

- Прокуратура 1217576

6. Құқық қорғау органдары қажетіне жұмсалатын

шығыстар, барлығы 13934787

соның ішінде:

- Ішкі істер министрлігі 7648690

соның ішінде валюта сатып алуға

жұмсалатын шығыстар 518243

- Ұлттық қауіпсіздік комитеті 1912374

соның ішінде валюта сатып алуға жұмсалатын

шығыстар 144450

- Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік

комитет 2543152

- Шекара әскерілерінің әскери институты 220345

- Ішкі әскерлер 1597196

- Министрлер Кабинеті жанындағы Ақпарат қорғау жөніндегі мемлекеттік техникалық комиссия 13030

7. Мемлекеттік өкіметтің республикалық және жергілікті атқарушы өкімші органдары мен мемлекеттік басқару органдары қажеттеріне жұмсалатын шығыстар, барлығы 8921216

- соның ішінде валюта қаражаты есебінен дипломатиялық паспорттар жасауға 37600

8. Резервтік қорлар, барлығы 3500000

- соның ішінде табиғат апаттарының зардаптарын жою жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қажет арнаулы резерв 1172000

9. Әртүрлі төлемдер, барлығы 4183800

соның ішінде:

- 1994 жылдың астығын сатып алуға арналған қаржы 3500000

- мақта себетін шаруашылықтарға шығыстарды өтеу 70000

- нан мен құрама жем бағасындағы айырманы өтеу жөніндегі - 1994 жылдың қарызы 613800

10. Басқа да шығыстар 1759027

11. Сайлау өткізуге жұмсалатын шығыстар 769631

12. Мемлекеттік ішкі қарызға қызмет көрсету жөніндегі шығыстар, барлығы: 3302570

соның ішінде:

- заңды тұлғалар арасында орналастырылған

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы

мемлекеттік заемы бойынша проценттерін төлеу 490

- бюджет тапшылығы үшін кредитке проценттер төлеу 615050

- мемлекеттік ішкі қарыз бойынша проценттер төлеу 2211000

- ішкі республикалық есеп бойынша шұғыл вексельдерге проценттер төлеу 424030

- республика ішіндегі есеп бойынша міндеттемелерге қызмет көрсету жөніндегі шығыстар (депозитарийлер) 52000

13. Мемлекетаралық ұйымдарға қызмет ету жөніндегі шығыстар, барлығы 282320

- соның ішінде: Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің

50 жылдығын мерекелеуге байланысты шығыстар 3366

14. Зандарды іске асыруға, барлығы 3889160

- Арал аймағы туралы 24523

- Семей полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы 3275414

- Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы 589223

Жергілікті бюджеттерге субвенция 22447900

I бөлім бойынша Шығыстар жиынтығы 137209580

II бөлім. Мақсатты қаржыландыру қорлары

Жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізат базасын ұдайы молайту қоры 1500000

Жол қоры 1656402

Табиғат қорғау қоры 163943

II бөлім бойынша Шығыстар жиынтығы 3320345

III бөлім. Сыртқы экономикалық қызмет

елшіліктер, өкілдіктер қажетіне және басқа да мақсаттарға валюта сатып алу, барлығы 9905296 соның ішінде:

1) сыртқы заемдар бойынша проценттер төлеу 4818281

2) сыртқы заем бойынша кепілдіктерге қызмет етуге байланысты уақытша шығыстар 1000000

3) сыртқы экономикалық қызметке жұмсалатын шығыстар 4087015

соның ішінде:

- халықаралық ұйымдарға төленетін жарналар 1236531

- ТМД атқарушы органдары қажетіне 11407

- елшіліктер мен өкілдіктер қажетіне соның ішінде үйлер сатып алуға жұмсалатын шығыстар 881590

- шетелдік іссапарларға жұмсалатын шығыстар 113400

- сыртқы қарызды өтеу үшін кәсіпорындардың уақытша тартылған қаражатын қайтару 669962

"Маңғыстаумұнайгаз" өндірістік бірлестігі 732000

"Каспийшельф" мемлекеттік компаниясы 348570

- "Қазақшетелсақтандыру" компаниясының жарғылық қорына төленетін жарна 56700

- үкіметтік байланысқа 36855

III бөлім бойынша Шығыстар жиынтығы 9905296

Республикалық бюджет бойынша Барлық шығыстар: 150435221

Артуы (дефицит-, профицит+), барлығы -39379450
соның ішінде:

**I. Қаржыландырудың сыртқы көздері есебінен,
барлығы 31496746**

соның ішінде:

1. Сыртқы заем бойынша түсімдер 37920182
2. Түзету сомасы шегеріп тастағанда, барлығы -6423436

соның ішінде:

а) инвестициялық тауар кредиттерін авансылау -578283

б) банкілердің сақтандыру және комиссия
қаражатын өтеу -732337

в) сыртқы заемды өтеуге - 5112816

II. Бағалы қағаздарды сату есебінен, барлығы 597000

соның ішінде:

1. Мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық
вексельдерді аукционда сатудан қаржының
түсуі 1500000

2. Түзету сомасын шегеріп тастағанда, барлығы -903000
соның ішінде:

а) заңды тұлғалар арасында орналастырылған
Қазақстан Республикасының 1992 жылғы
Мемлекеттік замын өтеуге - 3000

б) Қазақстан Республикасының 1992 жылғы
Мемлекеттік ішкі ұтыс замын сатып алуға
(халықтан) - 900000

**III. Қаржыландырудың ішкі көздері есебінен,
барлығы 7285704**

соның ішінде:

1. Шығыстарды өтеуге жұмсалатын жыл басындағы
бюджет қаражатының қалдығы 5658

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
кредит ресурстары 8625000

3. Ішкі республикалық есептің нәтижелері бойынша
және директивалық кредит бойынша кәсіпорындардан
қарыздың түсуі 7681156

4. Түзету сомасын шегеріп тастағанда, барлығы -9026110
соның ішінде:

а) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне
мемлекеттік ішкі қарызды өтеу - 800000

б) ішкі республикалық есеп бойынша
міндеттемелерді өтеу - 6985590

в) ішкі республикалық есептің вексельдері
бойынша республикалық бюджеттің қарыздарын
өтеу кезінде есептелген табыстарды жергілікті
бюджеттерге қалпына келтіру - 1240520
жыл аяғында айналымдық кассадағы бар ақша 5658

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК